КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 маусым №4360-25-00-2/1140 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Г. Таженованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Н. Жоламанов
жауапкердің өкілі Б. Мукатаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылдың 5 наурызда талап қоюшы «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен жауапкер «SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші, Серіктестік) №41 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 2 636 361 теңгеге шартқа қол қойылған күннен бастап 30 жұмыс күн ішінде 3 дана мотоцикл тауарларын, яғни 2025 жылғы 14 сәуірде жеткізуге міндеттелген.

Жауапкер тауарды талап қоюшыға жеткізбеген, яғни Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, Шарт 2025 жылғы 18 сәуірде бұзылған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2025, судья Умарсирикова С. С., 31.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотта талап қоюшының өкілі талабын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкердің өкілі талап қоюды мойындап, өзінің түсінігінде 2025 жылғы 5 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында автомобильдер мен мотоциклдерге қою кезінде электрондық құжаттарын тіркеу себіне талап етілген. Бұрын мұндай міндеттеме болмаған, Бұл құжат мотоциклді сертификаттау және кедендік тазарту кезеңінде онлайн режиминді рәсімделуі керек, сондықтан тауарларын 2025 жылғы 9 маусымында жеткізу туралы тапсырыс берушіге кепілдік хат жолдағанын көрсетті.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 26 маусымдағы ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру жөніндегі бөлігі талап қоюшының арызына сәйкес қараусыз қалдырылды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, тараптар өкілдерінің түсінігін тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін орындамаған. Шарт 2025 жылғы 18 сәуірде бұзылған.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 966 теңге өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2025, судья Умарсирикова С. С., 31.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «SUNKAR MEDIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 29.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2025, судья Умарсирикова С. С., 31.07.2025